



Байланыс операторларының қалааралық, ұялы қосылымдар мен өзара байланыстағы телекоммуникация желілерінің өзара трафигіне секундалық тарифтеуді енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі Төрағасының 2004 жылғы 21 сәуірдегі N 74-ө, Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі Төрағасының 2004 жылғы 14 мамырдағы N 233-НҚ бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 8 маусымда тіркелді. Тіркеу N 2894. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің 2009 жылғы 28 мамырдағы N 233, Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігінің (Монополияға қарсы агенттік) 2009 жылғы 4 маусымдағы N 177-НҚ және Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2009 жылғы 11 маусымдағы N 211-НҚ бірлескен бұйрығы

Күші жойылды - ҚР Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің 2009.05.28 N 233, ҚР Бәсекелестікті қорғау агенттігінің (Монополияға қарсы агенттік) 2009.06.04 N 177-НҚ және ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2009.06.11 N 211-НҚ бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 ақпандағы N 168 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының телекоммуникация саласын дамыту Бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 4.5 тармағына сәйкес бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасының байланыс операторлары:

2005 жылдың 1 қаңтарынан бастап тарифтеудің 10 секундтық қадамымен желі ішінде қалааралық (аймақішілік) қосылыстарды секундпен тарифтеуді қамтамасыз етсін*;

2005 жылдың 1 шілдесінен бастап, халықаралық телефон трафигін қоспағанда, тарифтеудің 10 секундтық қадамымен байланыс операторларының өзара іс-әрекет ететін телекоммуникация желілері арасында трафикті секундпен тарифтеуге көшсін;

2006 жылғы 1 маусымнан бастап ұялы қосылымдардың ішкі желілерін секундалық тарифтеуді 10 секундтан артық емес кадаммен тарифтеуді қамтамасыз ету.

2006 жылғы 1 маусымнан бастап халықаралық телефон трафигін қоспағанда

өзара байланыстағы телекоммуникация желілерінің өзара трафигіне операторлар тіркелген қосылымнан ұялыға, ұялы қосылымнан ұялы қосылымдарға 10 секундтан артық емес қадаммен секундалық тарифтеуге көшсін.

Ескерту: тарифтеудің 10 секундтық қадамы - қосылыс аралығының әрбір толық және толық емес 10 секунды.

Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі Төрағасының 2005 жылғы 5 сәуірдегі N 30-п, ҚР Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттігі Төрағасының 2005 жылғы 5 сәуірдегі N 119-П бірлескен бұйрығымен, 2006 жылғы 30 мамырдағы N 143-НҚ, Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Бәсекелестікті қорғау комитеті төрағасының 2006 жылғы 26 мамырдағы N 135-НҚ Бірлескен бұйрығымен.

*2 . < * >*

Ескерту: 2-тармақ алынып тасталды - ҚР Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 22 қыркүйектегі N 203-б, ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 24 қыркүйектегі N 390-НҚ бірлескен бұйрығымен.

3. 2006 жылдың 1 қаңтарына дейін байланыс операторлары аппараттық және бағдарламалық құралдарға таратылатын барлық сертификаттау рәсімдерін жүргізуді қамтамасыз етсін.

Сертификатталған жабдығы және есепке алудың аппараттық-бағдарламалық құралдары, және трафикті өлшеудің тексеруден өткен құралдары бар қосатын байланыс операторлары қосылатын байланыс операторында аталған құрал-жабдықтар жоқ болған жағдайда қосу шартына сәйкес өткізілетін трафиктердің есепке алынуын және биллингін қамтамасыз етсін

Ескерту: 3-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 22 қыркүйектегі N 203-б, ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 24 қыркүйектегі N 390-НҚ бірлескен бұйрығымен, 2005 жылғы 5 сәуірдегі N 30-п, 2005 жылғы 5 сәуірдегі N 119-П бірлескен бұйрығымен.

4. Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі Агенттігінің Байланыс саласындағы мемлекеттік саясат және қаржылық реттеу департаменті (А.А.Сейтімбеков) осы бұйрықты белгіленген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін ұ с ы н с ы н .

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Төрағасының Бірінші орынбасары Ж.Д.Ертілесоваға және Қазақстан

Республикасы Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі Төрағасының орынбасары Д.С.Оразалиновке жүктелсін.

6. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енеді.

*Қазақстан Республикасы
Ақпараттандыру және байланыс
жөніндегі агенттігінің*

Төрағасы

*Қазақстан Республикасы
Табиғи монополияларды реттеу
және бәсекелестікті қорғау
жөніндегі агенттігінің*

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК